КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылғы 11 желтоқсан №7119-25-00-2/13492 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Интер Строй NL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Тараптар арасында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 17 қыркүйектегі №228 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

Ерекшелігі бойынша 001-104-152 Геостационарлық емес байланыс спутниктерін (ГССО) пайдалану арқылы спутниктік байланыс жүйесі арқылы Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері.

Шарттын жалпы сомасы – 64 960 000 тенге.

Қызметтерді көрсету мерзімі- шарт аумақтық Қазынашылық органында тіркелген күннен бастап 2025 жылдың 31желтоқсанды қоса алғанда.

Шарт Қазынашылық органдарында 2025 жылғы 17 қыркүйекте тіркелген.

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 12.01.2026
Дата вступления в законную силу: 30.01.2026, судья Нургалиева Ж. Д., 30.01.2026
7119-25-3-1/13616

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтықказынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

Шарттың 1.1-тармағына сәйкес Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Техникалық ерекшелікте (Келісімге 2-қосымша) көрсетілген шарттарға сәйкес, интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзін *(бұдан әрі - ИҚБШ)* пайдалана отырып, Интернет желісіне қол жеткізуді ұйымдастыру.

Техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген шарттарға сәйкес, өнім беруші келесі талаптарды орындауға міндетті:

1. Интернет желісіне қол жеткізу қызметі бойынша аумақтық қазынашылық органында шарт тіркелген күннен бастап 12 жұмыс күні ішінде осы Шарт шеңберінде әрбір байланыс арнасы және IP мекенжайларды бөлу бөлінісінде құн есебі ұсынылуға тиіс.

2. Көрсетілген қызметтердің сапасын бақылау және есепке алу үшін Өнім берушінің ҚР Заңына сәйкес сертификатталған биллинг жүйесі болуы және Шарт Қазынашылықтың аумақтық органында тіркелген күннен бастап 12 жұмыс күні ішінде сәйкестік сертификаты мен жүйенің болуын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

3. Жеткізушіде тіркелген автономды жүйе (AS) болуы тиіс және оның деректер базасында RIPE жүйесінде тіркелген болуы қажет. Келісімшартты Территориялық Қазынашылық органында тіркеу күнінен бастап 12 жұмыс күні ішінде, Жеткізушінің атына бекітілген IP-адрестер туралы толық ақпаратты көрсететін растайтын сілтемені ресми https://www.ripe.net/ сайтынан ұсынуы керек.

4. Шарт Қазынашылықтың аумақтық органында тіркелген күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде өтінімдер бойынша жедел жұмысты жүзеге асыру үшін Өнім беруші байланыс арналарының id (сәйкестендіру нөмірі) және IP-мекенжайлары бойынша ақпарат беруге тиіс.

5. Жерсеріктік технологияны өнім берушінің жергілікті кеңсесі болуы және Қазақстан Республикасында жергілікті техникалық қолдауды қамтамасыз етуі тиіс.

6. Жерсеріктік байланыс жүйесінің жерсеріктік хабы (түйісу станциясы) Қазақстан Республикасының аумағында орналасуы тиіс.

7. Жерсеріктік хабты (түйісу станциясын) электрмен жабдықтау электрмен жабдықтаудың ерекше санатының бірінші тобына сәйкес келуі тиіс.

8. Интернет қызметтерінің жұмысын оңтайландыру және жеделдету үшін Өнім беруші өз желісінде GGC (GoogleGlobalCache), FNG (Facebook Network Appliance) серверлерін кэштеу керек.

9. Интернет желісіне кіру трафик шектеусіз (Unlimited) қамтамасыз етілуі тиіс.

МКК кеден бекеттерінде Интернет-хаттамалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімі ИҚБШ арқылы интернет желісінің IP мекенжайларына тексеру жүргізілді, оның нәтижелері бойынша сәйкессіздік туралы акт жасалды.

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 12.01.2026
Дата вступления в законную силу: 30.01.2026, судья Нургалиева Ж. Д., 30.01.2026
7119-25-3-1/13616

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сондай-ақ, уәкілетті органға, атап айтқанда «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-на ИҚБШ тексеру үшін тиісті хат жолданды (2025 жылғы 18 қарашадағы №КГД-12-1-5/10779-И).

Уәкілетті органның ресми ақпаратына сәйкес, Starlink спутниктік интернеті мен IP мекенжайлары ИҚБШ қосылмаған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Министрлік Шарттың 7.4-тармағына сәйкес жеткізушінің міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты 2025 жылғы 24 қарашада «Интер Строй НЛ» ЖШС геостационарлық емес байланыс спутниктерін (ГССО), спутниктік байланыс жүйесі арқылы Интернетке қол жеткізу қызметтері туралы шартты біржақты тәртіппен бұзды.

Жауапкер шарттың бұзылғанын сот тәртібімен дауламаған.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-нан аспауға тиіс.

Шарттың талаптарына сәйкес, тұрақсыздық айыбы есептелген, оның сомасы 4 417 280 теңге (мерзімі өткен 68 күн үшін (18.09.2025 - 24.11.2025). Есеп - (64 960 000 (шарт сомасы) х 0,1% х 68 (мерзімі өткен күн)= 4 417 280 теңге) құрады.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Интер Строй NL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 12.01.2026

Дата вступления в законную силу: 30.01.2026, судья Нургалиева Ж. Д., 30.01.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Интер Строй NL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Интер Строй NL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 4 417 280 (төрт миллион торт жүз он жеті мың екі жүз сексен) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 134 485 (бір жүз отыз төрт мың төрт жүз сексен бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья

Ж.Ж.Нұрғалиева

Министерство финансов Республики Казахстан АО «Казсутмаз»
Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 12.01.2026
Дата вступления в законную силу: 30.01.2026, судья Нургалиева Ж. Д., 30.01.2026
7119-25-3-1/13616